

«АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ



БЕКІТЕМІН
Бірінші проректор
Б.Қ. Нұрахметов
2025 ж.

**2025–2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (ЖИ) ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ
ЖОЛ КАРТАСЫ**

№ р/с	Іс-шаралардың атауы	Күтілетін нәтиже	Өткізу мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ			
Мақсат: «Алматы технологиялық университеті» АҚ қызметіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу үшін ұйымдастырушылық және басқарушылық жағдайларды құру, басқару құрылымын және үйлестіру тетіктерін айқындау.				
1.1	«Білім беру және ғылыми қызметте жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану» тақырыбында сауалнама жүргізу.	Сауалнама қорытындылары бойынша есеп (ПОҚ-ның дайындық деңгейі, қолдану бағыттары, анықталған қажеттіліктер).	Қазан 2025 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
1.2	Жасанды интеллектті енгізу жөніндегі сарапшылар тобын қалыптастыру және бекіту.	Сарапшылар тобының бекітілген құрамы.	Қазан 2025 ж.	Ректорат, ЖИТДБ, ОӘБ
1.3	ЖИ жөніндегі сарапшылар тобының өкілдерін Этика кеңесінің құрамына енгізу.	Этика кеңесінің өзектендірілген құрамы.	Желтоқсан 2025 ж.	Ректорат, ФБ
1.4	ЖИ бойынша деректерді, оқыту материалдарын, жетістіктерді және озық тәжірибелерді жинақтау орталығы ретінде AI-SANA порталын іске қосу және пайдалану.	Жаңартылып отыратын материалдары мен ЖИ бөлімдері бар жұмыс істейтін AI-SANA порталы.	Желтоқсан 2025 ж.	АТБ
1.5	AI-SANA порталында келесі бөлімдерді орналастыру: білім алушылар мен ПОҚ жетістіктері, сертификаттар, зерттеу нәтижелері, этика және академиялық адалдық материалдары.	ЖИ бойынша жаңартылатын материалдары мен бөлімдері бар жұмыс істейтін AI-SANA порталы.	Желтоқсан 2025 ж.	ЖИТДБ

2	НОРМАТИВТІК-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАР			
<p>Мақсат: «Алматы технологиялық университеті» АҚ-ның оқу, ғылыми және әкімшілік қызметінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың нормативтік, әдістемелік және этикалық негізін қалыптастыру; барлық құрылымдық бөлімшелер тарапынан ЖИ қолдану кезінде құқықтық айқындықты, академиялық адалдықты және әдістемелік үйлесімділікті қамтамасыз ету.</p>				
2.1	ЖИ қолдану жөніндегі бөлімдерді енгізе отырып, барлық құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарына (ІНҚ) өзгерістер енгізу.	Оқу, ғылыми және әкімшілік қызметте ЖИ қолдану бөлімдері енгізілген жаңартылған ІНҚ.	Қажеттілігіне қарай	ҚБ
2.2	«Алматы технологиялық университеті» АҚ қызметінде жасанды интеллект технологияларын енгізу және қолдану туралы Ережені әзірлеу, келісу және бекіту.	Оқу, ғылыми және әкімшілік қызметте ЖИ қолданудың қағидағтарын, нысандарын және тәртібін реттейтін бекітілген нормативтік құжат.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
2.3	ЖИ-ді этикалық және жауапты қолдану туралы Ережені әзірлеу және бекіту.	«Алматы технологиялық университеті» АҚ-да ЖИ-ді этикалық және жауапты қолдану туралы бекітілген Ереже.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
2.4	ЖИ бойынша тармақтарды Академиялық адалдық саясатына енгізу (ДКЖ, мақалалар, стартаптар және т.б. жазу кезінде).	ЖИ-ді рұқсат етілетін қолдану қағидалары мен оның қолданылуын көрсету талаптарын қамтитын жаңартылған Академиялық адалдық саясаты.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
2.5	Кафедралар үшін пәндерге ЖИ элементтерін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу (кейс типологиясы, ЖИ қолданылатын тапсырмалар үлгілері, әдістемелік нұсқаулықтардың шаблондары).	Оқу курстарында ЖИ қолдану бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар мен шаблондар топтамасы.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
2.6	Барлық білім беру бағдарламаларындағы «Жасанды интеллект негіздері» пәніне «ЖИ қолданудағы этика және академиялық адалдық» модулін енгізу.	Пәндердің жаңартылған жұмыс бағдарламалары.	Қаңтар 2026 ж.	Кафедралар, ОӘБ, ЖИТДБ
2.7	Білім беру процесіне ЖИ элементтерін енгізу туралы актінің нысанын бекіту.	Білім беру процесіне ЖИ элементтерін енгізу актісінің бекітілген нысаны.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, ОӘБ
2.8	Кафедралардың жылдық есебіне «Білім беру және ғылыми қызметке ЖИ интеграциясы» көрсеткішін енгізу.	ЖИ интеграциясы бойынша тармақ енгізілген кафедралардың жаңартылған жылдық есеп нысаны.	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, АжСБ
2.9	«Алматы технологиялық университеті» АҚ Даму бағдарламасына ЖИ технологияларын енгізу мәселелерін қосу.	Оқу, ғылыми және басқарушылық қызметке ЖИ технологияларын интеграциялау бөлімі енгізілген «Алматы технологиялық университеті» АҚ-ның жаңартылған Даму бағдарламасы.	Қаңтар 2026 ж.	Ректорат, ЖИТДБ, АжСБ

2.10	Оқытушылардың индикативтік/жеке жоспарларына ЖИ-ді енгізу көрсеткіштерін енгізу.	<p>ПОҚ-ның индикативтік/жеке жоспарларына ЖИ енгізуді деңгейлер бойынша бағалауды көздейтін толықтырулар:</p> <p>Базалық деңгей (25 балл) — «Базалық ЖИ» курсынан өту және материалдарды әзірлеу барысында ЖИ құралдарын қолдану. Растау: сертификат, енгізу актісі.</p> <p>Орта деңгей (50 балл) — ЖИ қолданылатын тапсырмаларды, кейстерді, тесттерді әзірлеу және қолдану. Растау: сертификат, енгізу актісі, материалдар үлгілері.</p> <p>Жоғары деңгей (75 балл) — өзіндік ЖИ шешімдерін жасау (чат-бот, модуль, деректерді талдау құралы). Растау: сертификат, енгізу актісі, жұмыс істеп тұрған шешімге сілтеме.</p>	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, АжСБ, ОӘБ
2.11	Ректорлық бақылау комитетінің (РБК) оқу сабақтарының сапасын бақылау жүйесіне ЖИ технологияларын қолдануды бағалау критерийлерін енгізу.	<p>Оқытушылардың ЖИ технологияларын қолдануын 1-ден 10 баллға дейінгі шкала бойынша бағалауды көздейтін жаңартылған РБК критерийлері мен оқу сабақтарының сапасын бағалау парақтары:</p> <p>– 1-3 балл (базалық деңгей) — оқытушы дайын ЖИ құралдарын (ChatGPT, Copilot, Canva және т.б.) сабаққа әзірлену және оны өткізу барысында қолданады. Растау: оқу материалының фрагменті, құралға сілтеме, «Базалық ЖИ» сертификаты.</p> <p>– 4-7 балл (орта деңгей) — оқытушы ЖИ-ді өз тапсырмаларын, тесттерін, кейстерін әзірлеу немесе оқу деректерін талдау үшін қолданады; ЖИ-ді оқу процесіне интеграциялау элементтерін көрсетеді. Растау: енгізу актісі, тапсырмалар үлгілері, «Орта деңгейлі ЖИ» сертификаты.</p>	Қаңтар 2026 ж.	ЖИТДБ, АжСБ

		<p>– 8-10 балл (жоғары деңгей) — оқытушы өзіне тән ЖИ шешімдерін енгізеді (чат-бот, талдау панелі, бағалауды автоматтандыру).</p> <p>Растау: енгізу актісі, жұмыс істеп тұрған құралға немесе жобаға сілтеме, «Жоғары деңгейлі ЖИ» сертификаты.</p> <p>Бағалау жаңартылған РБК чек-парақтары бойынша жүргізіледі, онда төмендегі көрсеткіштер қамтылады:</p> <p>– оқу процесінде ЖИ-ді қолданудың болуы және оның формасы;</p> <p>– құжаттық растаулар (сертификат, акт, сабақ материалдары).</p>		
3	ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМУ			
Мақсат: профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлер мен білім алушылардың ЖИ құзыреттерін үздіксіз дамыту, меңгерілген дағдыларды есепке алу және сертификаттау жүйесін құру.				
3.1	«Алматы технологиялық университеті» АҚ оқытушылары мен қызметкерлері үшін «Базалық ЖИ», «Орта деңгейлі ЖИ», «Жоғары деңгейлі ЖИ» бағыттары бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.	<p>Үш деңгейлі курстар:</p> <p>– Базалық деңгей — ЖИ құралдарын қолдану бойынша базалық білім мен дағдыларды қалыптастыру;</p> <p>– Орта деңгей — тапсырмаларды, кейстерді, тесттерді әзірлеуде, оқу деректерін талдауда ЖИ-ді практикалық қолдану;</p> <p>– Жоғары деңгей — өз ЖИ шешімдерін әзірлеу және енгізу (чат-боттар, талдау панельдері және т.б.).</p> <p>Растау: курстарды аяқтау сертификаттары, енгізу актілері, кафедра есептері.</p>	Жыл сайын	ҚО, факультеттер, кафедралар, ҚБ
3.2	Оқытушылар мен қызметкерлер үшін ЖИ құзыреттерінің тізілімін құру және жүргізу.	ЖИ-ді меңгеру деңгейін (базалық, орта, жоғары) көрсететін жұмыс істейтін электрондық құзыреттер тізілімі.	Жыл сайын	ҚО
3.3	AI SANA бағдарламасы аясында барлық білім беру деңгейлеріндегі (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім алушыларға жасанды интеллект негіздері бойынша оқытуды ұйымдастыру.	Қатысушылар тізімі, сертификаттары.	Жыл сайын	ЖИТДБ, кафедралар, ПОҚ

3.4	ППҚ-ның «Оқытушының әдістемелік шеберханасына» және ЖИ қолдану тәжірибесімен алмасу бойынша ішкі семинарларға қатысуын ұйымдастыру.	Өткізілген семинарлар, есептер.	Жыл сайын	Тәрбие ісі жөніндегі проректор, ЖИТДБ, кафедралар, ПОҚ
3.5	Жасанды интеллект апталығын (ATU AI Week) өткізу.	Іс-шаралар бағдарламасы, есеп, медиа материалдары.	Жыл сайын	ЖИТДБ, ОӘБ, факультеттер, кафедралар, ПОҚ
3.6	Оқу және ғылыми қызметте ЖИ қолдану тәжірибесімен алмасу үшін ПОҚ мен ҚБ-ге арналған практикалық семинарлар мен мастер-кластар циклін өткізу.	Әр түрлі факультеттердің оқытушыларының қатысуымен өткізілген практикалық семинарлар мен мастер-кластар, ЖИ-ді қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау.	Жыл сайын	ЖИТДБ, ҚО, факультеттер, кафедралар, ПОҚ
3.7	ЖИ қолдану бойынша тәжірибе алмасу, бірлескен оқу және факультетаралық жобаларды жүзеге асыру үшін AI Community қауымдастығын құру және дамыту.	Барлық факультеттердің оқытушыларын, студенттері мен қызметкерлерін біріктіретін, тұрақты кездесулерді, мастер-кластар мен жобалық бастамаларды қамтитын жұмыс істейтін ЖИ қауымдастығы.	Қаңтар 2026 ж.	ИЖАТФ, АЖ және КИ кафедралары, ПОҚ
4	ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Мақсат: жасанды интеллект саласында ғылыми зерттеулерді, жобалық қызметті және жарияланымдық белсенділікті дамыту.				
4.1	Кафедралар мен факультеттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына жасанды интеллектке қатысты тақырыптарды енгізу.	ЖИ мен цифрлық шешімдер тақырыптары енгізілген кафедралар мен факультеттердің жаңартылған ҒЗЖ жоспарлары.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар
4.2	ПОҚ мен қызметкерлердің ЖИ қолдануға байланысты гранттық қаржыландыру конкурстарына және ғылыми жобаларға қатысуын ұйымдастыру.	ЖИ бағыттары бойынша гранттық қаржыландыруға тапсырылған өтінімдер, растайтын тіркеу нысандары, есептер.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар
4.3	Білім алушылар мен ПОҚ арасында ЖИ қолданылатын стартаптар мен жобаларды дамыту.	ЖИ тақырыптары бойынша іске асырылған жобалар. Кафедра есептері.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар
4.4	Индустриялық және академиялық серіктестермен ЖИ бағыттары бойынша бірлескен зерттеу жобаларын әзірлеу және іске асыру.	Іске асырылған жобалар, ғылыми және өндірістік нәтижелер туралы есептер, жарияланымдар.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар

4.5	«Алматы технологиялық университеті» АҚ ПОҚ/қызметкерлерінің жасанды интеллект тақырыбындағы ғылыми жарияланымдарының дерекқорын қалыптастыру.	Scopus, РИНЦ, Web of Science және басқа да журналдардағы жарияланымдардың жыл сайын жаңартылатын электрондық дерекқоры. Кафедра есептері.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар
4.6	Магистрлік және докторлық диссертациялар тақырыптарына ЖИ бағыттарын енгізу.	Бекітілген тақырыптар тізімі.	Жыл сайын	ЖООКББ басқармасы, кафедралар
4.7	Білім алушының интегралды GRA көрсеткішіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану бойынша көрсеткішті енгізу.	Білім алушылардың ЖИ саласындағы жобалық, зерттеу және стартап қызметінің нәтижелерін көрсететін көрсеткіш (байқауларға қатысу, стартаптарды жүзеге асыру, шешімдерді білім беру және ғылыми ортаға енгізу).	Қаңтар 2026 ж.	ҒЖИ жөніндегі проректор, Тәрбие ісі жөніндегі проректор, АТБ
5	ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР МЕН ЖИ ҚҰРАЛДАРЫН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ			
Мақсат: оқу, ғылыми және әкімшілік қызмет үшін ЖИ технологиялары негізінде «Алматы технологиялық университеті» АҚ-ның бірыңғай цифрлық экожүйесін құру.				
5.1	TeachAI. Оқытушыларға арналған интеллектуалды көмекші, ол оқу материалдарын дайындауды, құжаттаманы жүргізуді, есептілікті қалыптастыруды және ғылыми жобаларды қолдауды автоматтандырады.	Оқу процесі мен ғылыми қызметті автоматтандыру функциялары бар ПОҚ-ға арналған сервис; оны пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар AI SANA порталында орналастырылған.	Енгізу кезеңінде	АТБ
5.2	AI AbitGO. Талапкерлерге арналған чат-бот, ол құжат тапсыру, қабылдау үдерісі және білім беру бағдарламалары бойынша навигацияны қамтамасыз етеді.	АТУ сайтымен интеграцияланған, талапкерлерге ақпараттық қолдау көрсететін және сұранымдар бойынша талдауды жинақтайтын жұмыс істейтін бот.	Енгізу кезеңінде	АТБ
5.3	Career Assistant. Түлектерге арналған ЖИ-көмекші, ол резюме әзірлеу, вакансияларды іздеу, ұсыныстар алу және сұхбатқа дайындалу үшін қажетті құралдарды ұсынады.	АТУ түлектеріне арналған сервис резюме әзірлеуге, вакансияларды іздеуге және сұхбаттарға дайындалуға көмектеседі.	Енгізу кезеңінде	АТБ
5.4	UniGuide. Оқытушылар мен қызметкерлерге арналған ассистент, ол оқу үдерістерін, сабақ кестесін және құжат айналымын автоматтандыруды қамтамасыз етеді.	Корпоративтік жүйеге интеграцияланған ЖИ-ассистент; барлық факультеттердің ПОҚ-на қолжетімді.	Енгізу кезеңінде	АТБ
5.5	HR Assistant. Персоналды басқару бөліміне (ПББ) арналған ЖИ-көмекші: персоналды іріктеуді автоматтандыру, резюмелерді талдау, кандидаттарды тексеру және өтінімдерді сайт пен Telegram арқылы өңдеу.	Кадрлық үдерістерде қолданылатын, жүйемен интеграцияланған HR-сервис.	Енгізу кезеңінде	АТБ

5.6	AI Library Navigator (Жеке ұсыныстар мен ғылыми дереккөздерді талдауға негізделген интеллектуалды кітапхана жүйесі).	Пайдаланушылардың сұранымдары бойынша интеллектуалды іздеу және ұсыныстар жүйесі.	Маусым 2026 ж.	КИ кафедрасы
5.7	AI Quality Monitor (АжСБ қолдау жүйесі: KPI автоматты талдау, есептер қалыптастыру және бөлімшелерде ЖИ енгізуді аудиттеу).	ЖИ енгізу тиімділігін бағалауға арналған жұмыс істейтін аналитикалық модуль.	Маусым 2026 ж.	АЖ кафедрасы
5.8	AI EduAnalytics (Білім беру деректерін талдау, үлгерімді мониторингілеу, бағдарламалардың тиімділігін бағалау).	Білім беру бағдарламаларының аналитикасы мен үлгерімді болжау жүйесі.	Маусым 2026 ж.	АЖ кафедрасы
5.9	AI Project Hub (AI SANA жүйесімен интеграцияланған, идеяларды ұсыну және бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі бар ЖИ стартаптары мен жобаларының витринасы).	ЖИ жобаларын жариялау және бірлесіп әзірлеуге арналған интерактивті платформа.	Қазан 2026 ж.	АТБ
6	ЖИ ЕНГІЗУ ТӘУЕКЕЛДЕРІН МОНИТОРИНГІЛЕУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ			
Мақсат: ЖИ енгізудің нәтижелілігін жүйелі түрде мониторингілеп, бағалауды және этика мен академиялық адалдыққа қатысты тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету.				
6.1	Пәндерге ЖИ элементтерінің енгізілуін аудиттеу.	ЖИ элементтері бар курстардың үлесін көрсететін кафедралар бойынша есеп.	Жыл сайын	ОӘБ, кафедралар, ЖИТДБ
6.2	ЖИ бойынша ғылыми белсенділікті аудиттеу (жарияланымдар, гранттар, стартаптар).	Кафедраның ЖИ белсенділігі бойынша жылдық есебі.	Жыл сайын	Ғылым басқармасы, кафедралар
6.3	Этика, академиялық адалдық және деректерді қорғау бойынша ЖИ тәуекелдер тізілімін қалыптастыру және әрекет ету жоспарын әзірлеу.	Тәуекелдер тізілімі мен әрекет ету жоспары (құжат).	Жыл сайын	ЖИ жөніндегі этика кеңесі
6.4	Жол картасын іске асыру жөніндегі сарапшылар тобының жарты жылдық есебін әзірлеу.	Ректоратқа ұсынылған жарты жылдық есеп.	Жыл сайын маусым, желтоқсан	Сарапшылар тобы, ЖИТДБ
7	ЖОО-АРАЛЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ			
Мақсат: білім беру мен ғылымда жасанды интеллект технологияларын қолдану бойынша серіктестік байланыстарды дамыту және озық тәжірибелермен алмасу.				
7.1	ЖИ саласында тәжірибе алмасу бойынша жоғары оқу орындары және зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою.	Қол қойылған меморандумдар / келісімдер.	Жыл бойы	Кафедралар
7.2	Білім беру мен ғылымда ЖИ қолдану мәселелері бойынша республикалық және халықаралық	Іс-шаралар туралы есептер, жарияланымдар, қатысу сертификаттары.	Жыл сайын	ЖИТДБ, кафедралар

	форумдарға, конференцияларға, симпозиумдарға қатысу.			
7.3	«AI Education Forum: Білім берудегі жасанды интеллект» жыл сайынғы форумын өткізу.	Іс-шаралар бағдарламасы, есеп, медиа материалдары.	Жыл сайын	ЖИТДБ, ОӘБ, кафедралар

Қол қойған

18.11.2025 17:23 Нурахметов Бауржан Кумарғалиевич

